


	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексі	беті. 1 из 4


БЕКІТЕМІН
Шымкент университетінің
ректоры, п.ғ.д., профессор
Н.А. Сейітқұлов
 «14» 10 2023 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ


ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

СМЖ ШУ 01-11-2023

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлеген:		
Персоналды басқару департаментінің басшысы		Жамалова З.К.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>14</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>17</u> » <u>10</u> 20 <u>26</u> ж. дейін	Енгізілді: № <u>11</u> бұйрық Енгізілген күні: « <u>14</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж.	СМЖ ШУ 01-11-2023 Басылым 2 Тіркеу № <u>11</u> Көшірме № <u>1</u>
ұзартылды: « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> ж.		

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексі	беті. 2 из 4

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Шымкент университеті «Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексі» (бұдан әрі қарай – Кодекс) Университет профессор-оқытушыларының ар-намысы қағидаттарын белгілейді.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндетті.

2 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 ҚР "Білім туралы" 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы (10.07.2023ж.№ 19-VIII бойынша өзгерістер мен толықтырулар);

2.2 ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі (04.07.2023ж.№ 15-VIII ҚРЗ бойынша өзгерістер мен толықтырулар);

2.3 Университет Жарғысы;

2.4 Университеттің Академиялық Саясаты.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ШУ- Шымкент университеті

Ар-намыс- жеке адамның абыройы, ізгілік, шыншылдық, әділдік, адалдық сияқты қасиеттерімен байланысты моральдық-этикалық жиынтық және әлеуметтік ұғым.

4.ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Университет профессор-оқытушысы қызметінің басты бағыты – студенттермен, магистранттармен және докторанттармен (бұдан әрі қарай – білім алушылар) жұмыс, олардың білімі мен мәдениеті туралы қамқорлық көрсету, өз Отанының шынайы патриоттары ретінде тәрбиелеу.

4.1.2 Профессор-оқытушы өзінің теориялық білімі мен педагогикалық шеберлігін арттыру үшін тұрақты еңбек етуі қажет, ол зерттеушілік және ғылыми қызметті белсенді жүргізеді.

4.1.3 Профессор-оқытушы – әдептілік пен зиялылықтың, мораль мен адамгершіліктің үлгісі, Қазақстан Республикасының белсенді насихатшысы, кез келген сыбайлас жемқорлықтың, тәртіпсіздіктің, жауапсыздықтың пайда болуына принципті тұрғыда қарсылық көрсетуші.

4.1.4 Профессор-оқытушы жеке басының үлгісімен білім алушыларға еңбек және оқу тәртібінің ережесін сақтау, әріптестеріне құрметпен қарау, өзіне, айтқан сөздері мен жасаған әрекеттеріне жауапты болу қажеттілігін көрсетеді, өзінің қателіктерін ашық мойындайды және оларды дер кезінде түзейді.


4.1.5 Профессор-оқытушы өзінің әріптестері мен білім алушыларын кәсіптік бағалауда әділ болуы, оның айтқан сөзі жасаған ісімен сәйкес келуі, қызмет бабында принципті мәселелер бойынша өз ұстанымын ашық білдіруі, өз көзқарастарын дәлелді түрде жеткізе білуі тиіс.

4.1.6 Профессор-оқытушы төменде көрсетілген ұстанымдарды міндетті түрде орындауы тиіс:

- Университет білім алушыларының, әріптес оқытушыларының, қызметкерлерінің ар-намысына құрметпен қарау және олардың пікірлеріне төзімділік көрсету;

- жалған ақпараттар тарату арқылы және әдейі зиянды әрекеттермен айналасындағы адамдарға моральдық және материалдық нұқсан келтірмеу;

- әріптестерінің немесе білім алушылардың іс-әрекетіне баға бергенде немесе кемшіліктерін айтқанда нақты дәлелдерге сүйену;

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Профессор-оқытушылар құрамының ар-намыс кодексі	беті. 3 из 4

- Университет мүліктерін сақтау және ішкі тәртіп ережелерін мүлтіксіз орындау;
- ұжымда өзара сыйластық, жариялылық және сенім ахуалын қолдау;
- еңбек ұжымының мүшесі ретінде Университеттің маңызды мәселелерін шешуге, талқылауға (ректорат, Ғылыми кеңес арқылы) қатысу;
- Университет профессор-оқытушылар құрамындағы лауазымдық қызметтердің байқауына (конкурсына) қатысу;
- Университеттегі басшылық қызметтерге (факультет деканы, кафедра меңгерушісі, құрылымдық бөлім басшысы және т.б.) тағайындалу;
- Университет кеңестерінде, ректоратта, кафедра мәжілістерінде университет басшылығының жұмыс әдісі және сапасы туралы пікір айтуға және оны дамытуға ұсыныстар енгізу;
- Университет ректораты және қоғамдық ұйымдарының атынан облыстағы жоғары мемлекеттік қызметтерге, ҚР білім және ғылым министрлігіндегі қызметтерге, мемлекеттік марапаттауларға ұсынылу;
- өзінің кәсіптік даярлық деңгейін білім жетілдіру жүйесі арқылы тұрақты көтеру;
- ғылыми кітапханалардың қорларын пайдалану;
- оқу-әдістемелік және техникалық кабинеттер мен лабораториялардың техникалық құрал-жабдықтарын пайдаланып, ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жүргізу;
- ғылыми-тәжірибелік және әдістемелік конференцияларға, байқауларға қатысу;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауына қатысу;
- қажет болған жағдайда құқық қорғау және сот органдарының алдында өзінің ар-ождан-ын, кәсіби біліктілігін дәлелдеу.